

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№12
(882)

Бейсенбі, 26 наурыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Кәсіпкерлікке – кең өріс

Жаңа орталықтың тұсауы кесілді

20 наурыз күні Наурыз мерекесі қарсаңында аудан орталығы Саумалкөл ауылында Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық филиалының кәсіпкерлікті қолдау орталығы ашылды.



Салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров барша айыртаулықтарды Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы қарсаңында аудан кәсіпкерлігінің қарқынды дамуына серпіліс беретін жаңа орталықтың іске қосылуымен құттықтай отырып, - Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің өткен жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында: «шағын және орта бизнесті экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай Ішкі Жалпы Өнімнің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырып жөн» - деп атап өткенін айта келе, жаңадан ашылып отырған кәсіпкерлікті қолдау орталығының қосатын үлесінің мол екендігін жеткізді.

Салтанатты жиынға қатысқан Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Тұрар Ысқақов та аталмыш орталықтың аудан кәсіпкерлері үшін пайдасының зор екенін айта келе, жиналған қауымды Наурыз мерекесімен және орталықтың ашылуымен құттықтады.

Сонан соң аудан басшысы мен қонақтар ішке еніп, орталықтың жұмысымен Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық филиалының директоры Данияр Қалымов таныстырды.

Аталмыш орталықта екі кеңесші және ауданның кәсіпкерлік, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы және ветеринария, құрылыс бөлімдерінің, шағын кредиттік ұйымның, жұмыспен қамту орталығының мамандары бекітілген кестеге сәйкес кәсіпкерлікпен шұғылданамын деушілерге арнайы кеңес береді. Сонымен қатар орталықта арнайы кәсіпкерлік мектебі де ұйымдастырылған.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген автор.

ЖАҢА ДӘМХАНА АШЫЛДЫ

Өз Наурыз мерекесі қарсаңында арықбалықтықтар тағы да бір жағымды жаңалықтың куәсі болды. Ауылдың дәл ортасында жеке кәсіпкер М.А. Егоровтың «Оазис» дәмханасы салтанатты түрде ашылды.

Михаил Александрович кәсіпкерлікпен 2004 жылдан айналысып келеді. Қазіргі уақытта үш дүкені, жанармай құю станциясы бар. Өзінің бастаған ісін одан әрі кеңейтуге бел буған жеке кәсіпкер жұбайы Алена Николаевнамен ақылдаса келе тағы да бір әлеуметтік нысанды ашуды ұйғарады. Осыдан соң көп ұзамай-ақ қажетті құжаттарын жинайды да, «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттен 3 миллион теңге жеңілдетілген несиені алып, бұрынғы мейрамхананың бос тұрған ғимаратын сатып алады. Күрделі еурожөндеу жұмыстарын жүргізіп, заманауи үлгіде жабдықтап, безендіреді.

Салтанатты ашылу рәсімінде сөз сөйлеген аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров жиналған қауымды Наурыз мейрамымен құттықтай келіп, соңғы жылдары өңірімізде шағын және орта бизнестің қарқынды дамып келе жатқандығын, аудан кәсіпкерлерінің ел экономикасын өркендетуге қосып отырған үлесі зор екендігін, осындай қуанышты күні «Оазис» дәмханасының ашылуы маңызды оқиғалардың бірі екендігін атап өтті.

Тұрғындар атынан сөз сөйлеген Арықбалық селолық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Анатолий Мигаль шағын және орта бизнестің дамуына көп көңіл бөлініп отырғандығын, осының арқасында ауыл-селоларымыз күннен күнге көркейіп, өркендеп келе жатқандығын тілге тиек етті.

Өз кезегінде сөз алған жаңадан ашылып отырған дәмхананың иесі Михаил Егоров кәсіпкерлікті дамытуға кең қолдау көрсетіп, барлық жағдайды жасап отырғаны үшін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа, аудан әкімі А.А. Тастеміровке ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді.

Салтанатты рәсімнен соң аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы мен жеке кәсіпкер Михаил Александрович жаңа нысанның лентасын қиып, жиналған көпшілік ішке беттеді. Дәмхана осызаманғы үлгіге сай жабдықталып, безендірілген. Алпыс орындық залы, банкет залы бар. Жаңа әлеуметтік нысанды тамашалай келген тұрғындар осындай жайлы да жарық дәмхананы тарту еткені үшін жеке кәсіпкерге ризашылықтарын білдіріп, жүрекжарды ақ тілектерін айтты.

Жанат СӘБИТОВ.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!

МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬДАР ТАПСЫРЫЛДЫ



Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мерекелік медальдарын ауданның бір топ соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне салтанатты түрде табыстады.

Ардагерлер алдында сөз алған аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы: «Ұлы Отан соғысындағы аға буын ұрпақтың өшпес ерлігі тарихта мәңгі сақталады. Біз, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, сонау сұрапыл жылдарда ел бейбітшілігі үшін асқан ерліктеріңіз бен жан аямас қайсарлықтарыңыз үшін құрмет көрсете отырып, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік медальдарды тапсырғалы отырмыз» - деді.

Ұлыстың ұлы күні мерекесінде көтеріңкі көңіл күймен

келген 20 ардагердің омырауына мерекелік медальдарды аудан басшысы өз қолымен қадады. Мерекелік медаль алғандардың қатарында соғыс ардагерлері Александр Белоног, Владимир Зуев, Ленинград құрсауының тұрғыны Сания Шакурова, тыл еңбеккерлері Баймолда Рыстың, Кәрібай Жақыпов, Көжебай Қожақов, Қуаныш Бекпасов, Тұрғын Ерғалиев, Мальвина Ищенко, Валентина Запорожеч, Сәрсенғали Малаев, Владимир Калганов және тағы басқалары болды. Марапатталғандар өз кезегінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істері мен тылдағы еңбектерін бағалағаны үшін Елбасына алғыстарын жеткізді.

Марапатталғандарды ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров та құттықтап, дендеріне саулық тіледі.

Салтанатты шара соңында барлық марапатталғандар аудан басшысымен бірге естелік суретке түсті.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Мереке мезеті

ШЫРАЙ ТӨГІП, КҮЛІП КЕЛГЕН ӨЗ-НАУРЫЗ МОЛШЫЛЫҚ ПЕН КӨКТЕМНІҢ МЕРЕКЕСІ

Наурыз мерекесінің пайда болуы жайлы әркім әртүрлі дерек айтады. Біреулер Сүлейменнің жүзігі табылған күн десе, Иран аңыздарында адамзаттың отты пайдалана білген сәтін Наурыз деп атаған деседі. Адамзат емес, бір ғана түркі тайпаларында бұл күн жайлы аңыз да, ертегі де көп.

«Жалпы, көне дәуірде бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құйған; жаңа жеті дөңге қарап болашақты болжаған; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалақ» ұсынған; ескі киімдерін тастаған; ескірген шыны аяқты сындырған; 22 наурызға бір күн қалғанда, күл-қоқыстардан құтылған; бір-біріне гүл сыйлаған, үйге күн символын салу дәстүрі де болған. Бір сөзбен айтқанда, жаманат кетіп, мен де жаңарсам деген тілек. Халық бұл күнде жетім-жесір, жоқ-жітіктерге қол ұшын беріп көмектеседі. Олардың ұлы күнге сай шат-шадыман, көңілді жүруін қамтамасыз етуге тырысады» дейді философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжанов.

Ал қазақ ұлысы болып қалыптасқалы Наурыз тойы ешбір қазақ хандығында елеусіз қалған емес. Қайта қазақ ұлтының ең ұлы мерекесінің бірі болып тойланып келді. Және бұл туралы көптеген деректерді келтіруге болады. Жалпы «Самарқанның көк тасы еріген күн» қазақ даласы үшін құт-берекенің басы.

Қалың қазақ ортасында қайта тойлана бастаған өз Наурызымызды бүгінде егемен еліміздің еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін жыл басы ретінде жапырыла қарсы алып, жадырай тойлау дәстүрімізге



енді. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің түкпір-түкпіріндегідей, ерекше дайындықпен тойланатын Наурыз мейрамы ауданымызда да жыл сайын өз деңгейінде аталып келеді.

22 наурыз күні орталық алаң саумалкөпдіктер мен қонақтарға толы болды.

Орталық алаңда ақ шаңқан кигіз үйлері қаз қатар тігілген.

Сауда қызып, сәнді құрылған киіз үйлердің маңына тұрғындар да көптеп жиналды. Сахнадан сұлу ән шалықтап, шаттықты шатыққа ұластырды.

Алаңға жиналғандарды аудан әкімі Ағзам Тастеміров құттықтап, аталмыш мереке көктем мен жаңарудың, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудың, барша қазақстандықтардың достастығының мейрамы екендігін айта келіп, шығыстың осы бір мерекесі елімізге

көптен күткен Тәуелсіздікпен бірге келіп, шын мәніндегі бүкілхалықтық салтанатқа айналғандығына тоқталып өтті.

Әдеттегідей бұл күні кәрі де, жас та Наурыз шуағына аяланды. Аудан көркемөнерпаздарының ұжымы мазмұнды да әсерлі концерттік бағдарламасымен дараланып, көзге түсті. Көктем, мөлдір махаббат пен сұлулық әлемі өнер саңлақтары салған өннің көркіне айналды. Спорт шеберлері әр түрлі салмақты гир көтеріп, күш сынасып, әр түрлі спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар тиісінше марапатталды.

Осы күні себелеп жауған алғашқы жауынды жиналғандар жақсы ырымға балап, «Жаңадан келіп отырған қой жылы табысты да берекелі болғай» деп тілесті.

Жанат ҚАЖЫБАЙҰЛЫ.

Елбасы тапсырмасына орай

МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ



Мал шаруашылығын дамыту ауыл шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндеттердің бірі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев экспортқа ірі көлемде ірі қара етін шығару міндетін қойғаны белгілі. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламалары қолға алынды. Егер тереңірек үңіліп қарасақ, бұл — мал шаруашылығын, осы саладағы тауар өндірушілерді әлемдік өркениетті жолға салудың ықпалды шараларының бірі. Біздің өңірімізде аталмыш бағдарламалардың қалай жүзеге асырылып жатқандығын білу мақсатымен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Серікбай Қойшығараұлы Салғаринге жолығып, әңгіме өрбіткен едік.

Ауданымызда мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Мемлекет тарапынан да мал өсіруге, оның өнімін молайтуға барлық жағдай жасалып отыр. Басты талап — малдың тұқымын жақсарту керек. Ол үшін асыл тұқымды мал сатып алу қажет. Малдың тұқымын жақсартқан шаруа қожалықтарының әр малының басына мемлекет тарапынан қаржылай жәрдем қарастырылған. Несие алудың да жолдары көп жеңілдетілген.

Алайда, мемлекеттің осындай көп жеңілдіктерін алу

үшін фермерлер бірқатар негізгі талаптарды орындауға міндетті. Табындағы әр 30 сиырға бір асыл тұқымды бұқадан ұстау, әр малдың сәйкестендіру нөмірінің болуы және ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру деректері базасында тіркелуі, ақпараттық талдау жүйесі бағдарламасына енгізілуі шарт. Бұл жердегі басты мәселе — бағдарлама аясындағы жұмыстарды сапалы жүргізіп, аймақтың өркениетті мал шаруашылығының негізін қалауда болып отыр.

«Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламалары да шаруашылықтар арасында кеңінен қолдау тауып, табысты жүзеге асырылуда.

«Сыбаға» бағдарламасына қатысқан шаруаларға көрсетілетін көп жеңілдіктер бар. Тек белсенді көрсетіп, ала біл! Сатып әкелінген асыл тұқымды әр бұқаға биылдан бастап 154 мың, селекциялық жұмыстармен шұғылданатын шаруа қожалықтарының әр аналық басына 18 мың теңге көлемінде субсидия төленеді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдеріне — ет, сүт, жүн, қымыз, шұбатқа субсидия төленетіні — ҚР Үкіметінің ауыл шаруашылығы құрылымдарына төленетін субсидия қағидаларында бекітілген.

Ауданымыздың ауыл шаруашылығы құрылымдарымен «Сыбаға» бағдарламасы бастау алғалы 1615 бас ірі қара сатып алынды, биылғы жылы аталмыш бағдарлама бойынша 437 бас сиыр сатып алу жоспарланған. «Құлан» бағдарламасы бойынша 61 бас жылқы сатып алына, «Алтын асық» бағдарламасының қатысушылары 437 бас қой сатып алды. «Ырыс» бағдарламасы бойынша сүтті сиырларды сатып алу есебінен «Прекрасное» ШҚ, «Арна» ФШ және «Цечоев» ЖК сүт фермаларын құру жоспарда бар.

Елбасымыз қойған тапсырмаларды орындау мақсатында аталмыш бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар одан әрі жалғасын табатын болады.

Әңгімелескен Жанат СӘБИТОВ.

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ СҮТТІ СИЫРЛАР ӘКЕЛІНДІ

Быттыр елімізде «Ырыс» бағдарламасы іске қосылған болатын. Ауыл шаруашылығымен айналысатын кейбір кәсіпкерлер бүгінде сол бағдарламаның шарапатын сезініп, мемлекеттік қолдауға ие болуда.

«Агробизнес — 2020» салалық бағдарламасының аясында іске қосылған «Ырыс» бағдарламасы ірі қара малдың 50 және 100 басына арналған сүтті-тауарлы фермаларды құру және істі кеңейтуге арналған жобаларды қаржыландыруды көздейді.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ — «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына кіретін мамандандырылған қаржы-несиелік ұйымы. Қордың негізгі мақсаты — қаржылық қызметтер мен ресурстарға ауыл тұрғындарының қолжетімділігін арттыру.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнайтын жыл сайынғы Жолдауларында шағын және орта бизнеске, әсіресе, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге жеңілдетілген түрде мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету қажеттігін баса айтқан болатын.

Елбасының «Нұрлы Жол — болашаққа бастар жол» атты Жолдауында да мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге қолдау көрсетудің жаңа мүмкіндіктері айтылды. Бытырда бері елімізде «Ырыс» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарламаның шарапатын ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер көре алады. Өйткені бұл бағдарлама бойынша мемлекеттен берілетін қаражат сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мен қажетті техника, құрал-жабдықтар сатып алуға беріледі.

Жақында ауданымыздағы «Прекрасное» шаруа қожалығы Ресей Федерациясының Новосібір облысына қарасты «Неудачное» жабық



акционерлік қоғамынан «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы арқылы 40 миллион теңгеге 100 бас сүтті бағыттағы «Голштин-фриз» асыл тұқымды бұзаулайтын жас тайыншаларды сатып әкелді.

«Сүтті бағыттағы ірі қара өсіру саласын дамыту» жобасы аясында әкелінген «Голштин-фриз» асыл тұқымды ірі қараны облысымыз бойынша алғашқылардың бірі болып Бақыт Құсайынов басшылық ететін «Прекрасное» ШҚ-ы қолға алып отыр.

18-24 ай аралығындағы жас малдар бұзаулағаннан кейін күніне 23-25 литрден сүт бермекші, сүттің майлылығы 3,6% пен 4,6% аралығында болмақ. Ал жылына әрбір сауын сиыр 9 мыңнан 15 мың литрге дейін сүт бермекші.

Қара ала түлік қазір біздің жақтың күн райына бейімделген. Бұл сиырлардың құндылығы - сүтінде. Қожалық басшысы Бақыт Мәжитұлы мал таңдауда ең алдымен осыған мән берген. Қашарлардың аймақ климатын жатсынбауы да ескерілген. Мал дәрігерлік тексерулерден өтіп, қатаң іріктелген сиырлар Ресейден машинамен жеткізілген.

Голштин-фриз асыл тұқымды сиырлар жейтін азық та ерекше.

Қожалық жанынан 100 гектардан астам жерге дөңде дақылдар

себіледі және де қосымша арнайы екпе шөп егілген. Мал азығы үшін жем-шөп молынан дайындалған. Ал құнажын-қашарлар бұзаулаған соң, соя, жүгері, асбұршақ, минералды дәрумендер сатып алынады. Алғашқы төлді фермадағылар мамыр айының соңына қарай көреміз деп отыр.

Сонымен қатар қожалық басшысының айтуынша ірі қара басының артуына байланысты қосымша 23 жаңа жұмыс орындары ашылмақшы. Жаңадан әкелінген жас тайыншалар бұзауласымен сауыншылар және қосымша бақташылар жұмысқа жұмылдырылады.

Бұған дейін жазғанымызда аталмыш қожалық иесі 2013 жылы өзінің туған Прекрасное ауылында шаруа қожалығын құрып, сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамыту мақсатында өз қаржысымен 70-тей сауынды сиыр алып, сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникаларын қоса алады. Ауылдағы бос қалған жатақхананы, бірнеше үйлерді қалпына келтіріп, қазіргі кезде шаруашылығын дөңгелетіп отыр.

Сапар соңында Бақыт Мәжитұлы келешекте тағы да голштин-фриз тұқымының 100 бас жас бұқаларын өз қаржысы есебінен алуды жоспарлауда.

Бағлан ҚОЖАҚОВ. Суретті түсірген автор.

Қазақстанда жасалған

Отандық тауарлар көбейе түссе



болуы үшін «Қазақстанда жасалған» Келіңіздер, барлық қазақстандықтарды патриоттық танытып отандық өнімдерді сатып алуға шақырайық», - деген болатын.

Соңғы кездері халық жиі тұтынатын ет, сүт, балық, макарон тағамдары, жұмыртқа, жазда егін өнімдерін өндіруден жоғары басымдылыққа ие болудамыз. Аталған өнімдер өзіміздің ауданда да көптеп өндіріле бастады. Мәселен Валентин Лыткин басшылық ететін «Фасыр Айыртау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің макарон шығаратын цехы өнімдерінің бірте-бірте көбеюімен және жоғары сапалылығымен жұртшылық назарын өзіне аудару үстінде.

Арнаулы цехтарда макаронның 1 және 2 сұрыптағы жеті түрі жасалып, тағамдық жарманың бес түрі өндіріледі. Макарон өнімдері арнайы қондырғылар арқылы түр-түрімен жасалынып, олар арнайы жылытқыш қоймаларда көптірілген соң, түрлі салмақтағы қаптарға толтырылады. Аталмыш цех жұмыс істей бастаған күннен бастап 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.



Серіктестік басшысы Валентин Михайловичтің айтуынша 2013 жылдың көктем мезгілінен бастап серіктестік аумағына 300 шаршы метр алаңға үш жылыжай салынып, онда жыл бойы көкөністер өсірілуде. Биылғы жылы жазғы уақытта қосымша тағы да екі жылыжай салынбақшы. Серіктестіктің өнімдері ауданда өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде арзан бағамен сатылуда.

Аталмыш кәсіпорын омарташылық іспен де шұғылданып, табиғи таза бал өнімдері де серіктестік жұмысшылары мен аудан тұрғындарына ұсынылады.

«Әліби» холдингінің басшылары бизнестің тетігін дөп баса біледі. Олар кәсіпорын тарапынан ұсынылған жобаларға ұдайы қолдау көрсетуде. Осындай қаржының қолдауы арқасында бытырғы жылы жарма цехы іске қосылса, алдағы уақытта шұжық шығаратын цех ашу жоспарланған. Бұл жаңа цех жұмыс істеген жағдайда тағы да жаңа жеті жұмыс орны ашылмақшы.

«Қазақстанда жасалған» маркалы өнімдерді біздің ауданда да дайындауға мүмкіндік мол. Ауданымыздағы сауда орындарында арнайы бұрыштар ашылып, оған еліміздің өзге өңірлерінде шығарылған тауарлармен қатар ауданымыздың макарон, нан және сүт өнімдерін қойса артықтық етпейді. Біріншіден, бұл тұрғындардың жергілікті өнімдерге деген қызығушылығын тудырса, екіншіден, онымен айналысып отырған кәсіпкерлерімізге де пайдасын тигізеді.

Болашақта «Қазақстанда жасалды» деп жазылған тауарлар мен азық-түлікті еліміз ғана емес, әлем халықтары тұтынатын күнге де жетерміз. Өтіп жатқан акция соның алғашқы баспалдағы болады деген пікірдеміз.

Бағлан ҚОЖАҚОВ. Суреттерді түсірген автор.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Бесінші шақырылымдағы Айыртау аудандық мәслихатының кезекті отыз алтыншы сессиясы 2015 жылғы наурыздың 30-да сағат 11-де аудан әкімдігінің отырыс залында өтеді. Мекенжайы: СКО, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Ш.Уалиханов көшесі, 44 үй.

Айыртау аудандық мәслихат сессиясының қарауына келесі мәселелер ұсынылады:

1. 2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі салалық бағдарламаны Айыртау ауданында іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау барысы туралы.
2. Айыртау ауданын басқару схемасы.
3. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Кругловка, Качиловка, Красный Кордон селоларын тарату туралы.
4. Әртүрлі.

Анықтамалар телефоны 21-902.

Айыртаулық Кеңес Одағының Батырлары

Петр ЛИТВИНОВ

1916 жылы Айыртау ауданының Люботино ауылында туған. Алматы облысында тұрды. Ұлы Отан соғысына алғашқы күндерінен бастап қатысты. 1943 жылғы 30 қыркүйекте Днепр өзенінен өткенде жаудың қарсы шабуылын минометпен тойтара білді.

2-ші Украина майданы 12-ші атқыштар полкі миномет ротасының бөлімше командирі 1943 жылдың 2 қазанында ерлік жасады. Немістердің жаяу әскерін көкте – ұшақтар, жерде танктер қолдады. Литвинов болса жаудың зеңбіректерін тұншықтырып тастады. Бірде оқ оның аяғына тиді. Аяғын таңып алған сержант өз расчөтін басқаруын тоқтатпады. Кеңет бұларды айналып өтіп бара жатқан фашистер тобын байқап қалады. Ойланатын уақыт жоқ: қарудың астына қоятын тақтайшасы мен екі сирақтың жоқтығына қарамастан, минометті жерге қойып, миналарды атқыласын келіп! Фашистер жата қалды, сосын кейін шегінді.

18 қазанда оның ротасына бір жотаны алу тапсырылды. Пулеметтің бораған оғы бас көтертпеді. Сонда атып тұрып:

Отан үшін! Алға, еріңдер соңымнан! – деп алға ұмтылған Литвинов еді. Осы ұрыста ол мерт болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

«Ленин», «Қызыл Ту» ордендерімен және медальдармен марапатталды. Қазір Саумалкөлдегі бір көше оның есімімен аталады.



Василий НЕКРАСОВ

1924 жылы 21 қыркүйекте Айыртау ауданының Карловка ауылында туған 6 сыныпты бітірген соң, еңбекжолын Приморье өлкесінде цемент зауытынан бастады. 1943 жылы майданға алынады.

Орталық майдан 13-ші армия 74-ші атқыштар дивизиясы 360-шы атқыштар полкінің автоматшысы. 1943 жылдың қыркүйегінде Киев облысында фашистермен кескілескен ұрысқа кірісті. Немістер қаншама лап қойғанмен, біздің сарбаздар сескенбей ажал оғын жаудырды. Әсіресе, Некрасов мүлт кетпеді. Жаулар жата қалғанда орнынан атып тұрып, атойлаған да сол болды. Сол ұрыста ол 12 фашисті жайратты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 16 қазандағы Жарлығымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1949 жылы офицерлер құрамын жетілдіру курсың бітірді. 1960 жылы «Атыс» курсыңда оқыды.

1972 жылы запасқа шығарылды. Краснодар қаласыңда тұрды.

«Ленин», «Александр Невский», «I-ші дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды.

1987 жылы 25 шілдеде қайтыс болды, Краснодар қаласыңда жерленді.

Аудан орталығы Саумалкөл ауылыңда бір көшенің аты батыр есімімен аталады.

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарыңда» кітабы бойыңша дайыңдалды).



Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

Бұрындық (Мұрындық) хан



Әкесінің досы әрі туысы **Әз Жәнібек** қайтыс болған соң бес жылдай бос тұрған хан тағына Керей мен Әз Жәнібектің балаларының ішінде жас жағынан ең үлкені Бұрындық отырды. Оның таққа келу жолы да күрделі. Ол Жәнібек ханның билігі тұсында Қазақ хандығының қалың әскерін бастап, алғаш Әбілқайырдың ұлы Шейх Хайдарға, онан соң Әбілқайырдың басқа баласы Шах Будақтың ұлы Мұхаммед Шайбаниге қарсы күресте ерекше ержүректігімен көзге түсті.

Әбілқайыр өлген соң Өзбек ұлысының тұтқасын ұстап тұрған Шейх Хайдар маңғыттарды өзінің ықпалынан шығармау үшін олардың билеушісі Мұса мырзаны ханнан кейінгі жоғарғы лауазым болып есептелетін беклербек дәрежесіне көтеріп қойған еді. Алайда Қазақ хандығының күшеюі оның жауларының оған қарсы ашық күреске шығуын тездетте түсті. Енді оған қарсы Сібірдегі Төмен жұртының билеушісі Ибақ, Қазақ ханы Әз Жәнібек және маңғыт билері Аббас пен Мұса билер бірігіп қарсы шықты. Осы соғыста Бұрындық Әз Жәнібектің тапсырмасымен Қазақ хандығының әскерін басқарды. Жан-жал Сібір билеушісі Ибақтың Шейх Хайдарды өлтіруімен аяқталды.

Енді Қыпшақ даласыңдағы хандық билік қазақ сұлтандары қолына көшті. Бұған тезе алмаған Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани енді Хайдар ағасыңның көгін қайтару Өзбек ұлысының тоз-тозы шыққан әскерлерінің қалдығымен бас бағып, аңдып жүріп бірнеше күннен кейін Ибақ бидің ұлын өлтіріп тыңды. Енді ол қазақтардан көк алуға көшті. Осы мақсатпен көмек іздеп Әмір Темірдің мұрагерлерін жағалаған ол солардың қолдауымен Сыр бойыңдағы бірнеше қамалдарды қазақтардан тартып алды. Енді ол ноғай(маңғыт) мырзаларын жағалады. Алғаш Мұса биді өзіне қарату үшін оларға қарсы жорықтар жасады. Онан соң онымен құда-жегжаттық қатынастар орнату үшін оның қызына ғашықтық мұңын шағып жасырын хаттар жолдаумен болды. Ақыры ол дегеніне жетті. Өзіне күйеу болған оған қарсы тұра алмаған маңғыттардың билеушісі Мұса мырза жапан даланың түкпір-түкпірінен ноғай мырзаларын жинап, Мұхаммед Шайбаниді ақ киізге отырғызып, хан көтеріп, таққа отырғызбақ болды. Бұл 1472 жыл еді. Осыны естіген Бұрындық қасына

Әз-Жәнібектің ұлдары Қасым, Әдік бастаған сұлтандарды өртіп, 50 000 әскермен кең даланы дүбірлетіп маңғыттардың мекеніне жетіп келді. Қырғын соғыс итжығыспен аяқталды. Алайда Бұрындықтың осындай жаужүректігі маңғыттарды Махмұд Шайбаниден іргелерін аулақ салуға итермеледі. Өзі жеңіске жете алмаса да, Маңғыттардың Махмұд Шайбаниді хан сайлауына мүмкіндік бермеген Бұрындық, енді Сыр бойыңдағы Мұхаммед Шайба-ниге бағынатын қалаларды қайта басып алуға кірісті. Мұның бәрі Бұрындықтың жауынгерлік тұлғасын айшықтай түсті. Алайда осындай жаугершілік өршіп тұрған заманда Бұрындықтың жеке басы ұрыстарда батыр ретінде тұлғаланса да, саясаткер ретінде оның ынжықтығы, жауапты шешім қабылдауға келгенде бостығы мен жалтақтығы уәзірлер кеңесі мен рубасыларды қанағаттандыра қойған жоқ. Ал атақты Әз Жәнібектің ұлдары болса, мұндай жауапты тақты иемденуге әлі балаң да, тәжірибесіз еді. Яғни Бұрындық Елбасына қысылтан жағдай төңгенде амалсыздан таққа отырғызылған қаһарман жауынгер, бірақ өкінішке орай, жігерсіз тұлға еді. Сондықтан да оны басқалар төрізді Әз Жәнібектің ұлдары да тыңдай қойған жоқ.

Мемлекетті қорғауда әркім өз билгенінше әрекет жасайтын заман туды. Дегенмен де, әкенің өсиетіне мойынсұнған Әз Жәнібектің ұлдары, оның ішінде шын мәнінде Бұрындық ханның барлық атты әскерлерінің қолбасшысы болып табылатын Қасым да айтарлықтай ұзақ уақыт Бұрындыққа қарсы шыға қоймады және таққа да таласқан жоқ. Мұның өзі Қазақ хандығының ішкі бірлігін нығайтып, Бұрындық ханның ата жаулары Өзбек ұлысына қарсы жорықтарын үдете түсуіне толық мүмкіндіктер берді. Әбілқайыр және оның ұлы Шейх Хайдар хан өлген соң көшпелі өзбектер мекендейтін дала-да рубасылары мен бахадүрлардың рөлі күшейіп, олар үш этнотайпалық қауымдастыққа – қазақтарға, өзбектерге және маңғыттарға (ноғайларға) жіктеліп, билікке тала-сып, өзара жауласа түсті. Осындай-да алғаш Әз Жәнібектің, онан соң Бұрындық ханның тұсында қазақ сұлтандары Өзбек ұлысындағы билікті Шайбаниліктерден тартып алды. Бас сауғалаған Шайбаниліктер өздері қашып барған маңғыттардың Астрахань хандығынан да қолдау таба алмай, біраз уақыт Сау-ран және Сығанақ маңыңдағы аймақтарда шағын топтарға бөлініп, ел тонап күн көрді. Осындайда ел тыныштығын ойлаған Бұрындық хан өзінің ата жаулары шайбанилік сұлтандармен туыстық қатынас ор-нату арқылы оларды бейбітшілікке шақырмақ болды. Ол осылай-ша, 90-жылдар ішінде қатарынан өзінің үш бірдей аяулы қыздарын шайбанилік сұлтандарға тұрмысқа ұзатты. Олардың бірі Мұхаммед Шайбанидің өзіне әйелдікке берілсе, екіншісі – оның інісіне, ал үшіншісі – Мұхаммед Шайбанидің баласы Темір сұлтанға тұрмысқа берілді. Осыдан соң қазақтармен жауласуды уақытша тоқтатқан Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани өзінің соңынан ілескен аз ғана топпен 1500

жылы алғаш Бұқараны, онан соң Самарқандты басып алып, Әмір Темірдің мұрагерлерінен билікті тар-тып алды. Бұл жорық 1507 жылы Хо-расан, Герат төрізді басқа қалаларды бағындырумен аяқталды. Ал мұның өзі Шығыс Дешті-Қыпшақтағы шайбанилік өзбектердің осын-да жаппай қоныс аударуларын туғызды және Темір мемлекеті енді Шайбанилік Өзбектер мемлекетіне айнала бастады. Осындайда Мұхаммед Шайбанидің қазақтарды Түркістан аймағына кіргізбеуді ойластырған әрекеті Бұрындық хан бастаған қазақ сұлтандарының жауап жорықтарына негіз бол-ды. Мұндайда құда-жегжаттық қатынастар жайына қалды. Ал мұның өзі өз кезегінде Мұхаммед Шайбаниді Қазақ хандығына қарсы 1503-1504 жылдардан бастап төрт рет жорық ұйымдастыруға мәжбүрледі. Мұхаммед Шайба-ни өзінің жорықтарын негізінен қазақ сұлтандары ұлыстарының орталықтарына бағыттады. Әсіресе, оның үшінші жорығы қазақтарды қатты күйзелтті. Соғыстан Әз Жәнібектің балалары Жаныш және Таныш сұлтандардың иеліктері азап шексе, ал Бұрындықтың ұлдарының ұлыстары дін аман қалды. Мұның өзі Бұрындық ханды бедел, абы-ройдан жүрдай етті. Елді ортақ жауға, яғни өзінің күйеу баласына және жегжаттарына қарсы белсенді күреске ұйымдастыра алмаған оны халық мүлде естен шығарып, енді соғыстарда қолбасшылық ерекше дарынымен және жаужүректігімен көзге түсіп жүрген Әз Жәнібектің ұлы Қасым сұлтанның төңірегіне топтаса бастады.

Алайда елді дүрліктірген Мұхаммед Шайбанидің ылаңы да ұзаққа созы-ла қойған жоқ. Оның 1510 жылдың басында Ұлытау маңыңдағы Қасым сұлтанға қарсы соңғы, төртінші жорығы сәтсіздікпен аяқталды. Осын-дай ахуалдар ел арасында Қасымның беделін арттыра түссе, ал Бұрындық ханның билігін құрдымға жіберді. Ақырында ешкімге керексіз болып қалған ол өзіне ілесіп Мәуереннахрға қоныс аударған өзінің төрт ұлы – Шайқымнан, Санжар-Жақаннан, Жақан-Бақтыдаң Кімсіңнен де қолдау таба алмай, көп қыздарының ішінен Самарқанда тұратын кенжесі Мұхр Сұлтан Ханымның қолына көшіп барды. Аса бай, қолында вақфтік құжаты бар бұл қызы оны өмірінің соңына дейін бағып-қақты. Елден қол үзіп елеусіз қалған ол, қайтыс болған соң көп мұсылманның бірі болып, ешбір қошеметсіз, Үргеніш маңыңдағы қабірге жерленді. Әрине, Бұрындықтың мұндай қасіретті тағдыры кейінгі қазақ хандарына үлкен сабақ болды. Кейінгі тарихта хан тағы босаған сәтте алғашқы қазақ ханының ұлы Бұрындықтың ұрпақтарын таққа отырғызу туралы мәселе ешқашанда қайта көтерілген емес. Енді хандық билік Әз Жәнібек ұрпақтары қолына берік тұрақтады. Өз кезегінде олар мүмкіндіктеріңше, қазақ мемлекеттігін нығайтуға үлкенді-кішілі қызметтер жасады.

Талас ОМАРБЕКОВ,
әл-Фараби атыңдағы ҚазҰУ
жаныңдағы Орталық Азиядағы
дестүрлі өркениеттерді зерттеу
орталығының директоры,
ҚР ҰҒА Құрметті академигі.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына

Атамды мақтан тұтамын



Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Ки-нолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік

соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихыңдағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, кең байтақ Отанымызды қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар

ұрыс даласында мерт болып, миллиондаған адамдардың қаны төгілді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихыңда із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Отан соғысының шежіресінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?... Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге та-нытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау - бүгінгі ұрпақ, біздің, қасиетті парызымыз.

Біздің бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған нағашы атам Қабжат Токбергенов бұрынғы Көкшетау об-лысы Айыртау ауданына қарасты Сарыөзек ауылының түлегі еді. 1916 жылы туған, әскер қатарына 1936 жылы алынып, фин соғысына қатысқан. Ұлы Отан соғысы басталғанда 54- ші гвардиялық танкистер бригадасының құрамында автоматшылар батальонына басшылық жасады. Танктер өте алмаған жерлерге Қ.Токбергеновтың автоматшы-лары өтіп, жауға оқты қардай борататын. Нағашы атам партия қатарына майданда өткен Украина мен Польша жерлеріндегі шайқастарға қатысып («Қызыл жұлдыз», екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бірде автоматшылар батальоны Висла өзенінен өтіп, жаудың бекінісін басып алады.Ұтымды сәтті тиімді пайдалана білген бригада алдағы шабуылдарға дайыңдалып, 1945 жылдың 12 қаңтарында Сантомир бекінісін жүргізілген 107 минуттық артиллериялық әзірліктен кейін шабуылға шықты. Бұл шабуылда батальон командирі Қабжат Токбергенов бір топ автоматшыларымен алғы шепте болды да, келесі күні Чарна өзенінен өтуге тура келді. Бұл шағын өзен болғанмен танктерге едәуір кедергі жасайтын еді. Сондықтан өзеннен өткел іздеуге тура келді. Іздеген өткелдері Котлица деген поляк деревнясының тұсынан табылады. Алдымен жау күштерін осы деревнядан қуып шығу керек болатын. Бұл жұмысты Қабжат Токбергенов бастаған автоматшылар ойдағыдай орындап, ерекше ерлік көрсетеді.

Польшаның оңтүстігінде орналасқан Чен-кстахова қаласына көптеген кәсіпорыңдар мен көлік тораптары шоғырландырылған еді. Міне осы қаланы азат ету міндеті осы 54–ші гвардиялық танкистер бригадасына жүктеледі. 1945 жылдың 16 қаңтарында таңғы сағат алтыда бригада жауынгерлері Пилица өзенінің өткелі арқылы Ра-дошевница деревнясы тұсында жауға қарсы шабуылға шықты. Әдеттегідей батальон командирі алда келе жатқан танкте болатын. Бұл жаудың ту сыртынан өтіп кетуге жасалған амал еді. Арада екі сағат уақыт өткенде қалаға барлық бригада келіп жетті. Қалада жаудың екі мыңға жуық солдаты мен офицерлері болатын. Олар жанталаса қарсылық көрсетті. Дегенмен бригада жауынгерлері бұл қарсылықты тойтары отырып, жаудың алты минометін, көптеген автоматшылары мен көліктерін жойып, 158 адамды қолға түсіреді. 17 қаңтарда түс кезінде қала жаудан толық азат етілді. Бұл шайқаста гвардия капитаны және ол басқарған батальон жауынгерлерінің ерліктері атап көрсетіліп, бригада туына Ленин ордені тағылды. Бригаданың осындай ерліктерінің арқасында жау қаладағы фабрикалар мен заводтарды, су құбырлары мен электр станцияларын істен шығаруға үлгері алмады. Жауға қарсы ұрыста көзге түскен жауынгерлерді наградаға ұсыну жөнінде бұйрық берілді. 3- гвардиялық танк армиясының командирі Совет Одағының екі мәрте батыры, танк әскерінің гвардия генерал – полковнигі Т.С. Рыбалко наградаға ұсынылғандар жөнінде: «Польшада көптеген ерлігі үшін әсіресе Чен-стахова қаласын азат етуге белсене қатысқаны үшін гвардия капитаны Қабжат Токбергенов Үкіметтің жоғарғы наградасына лайық» деп атап көрсетті. Сөйтіп КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 10 сәуірдегі бұйрығымен гвардия капитаны Токбергенов Қабжат Ленин орденімен наградталды.

Осыдан кейін де атам талай қанды шайқастарды басынан өткереді. Бригада жауынгерлері Берлинге шабуыл жасап, ерөн ерліктің үлгісі бола білді. Жау өз жерінде жанталаса қарсылық көрсетті. Бұл мандағы ең қатты шайқас Одер өзенінің арғы бетінен плацдарм алу үшін жүріп жатты. Жау жағы күніне бірнеше рет шабуылға шығады. Алайда кеңес жауынгерлері тойтары беріп, арғы беттегі кішкентай жерді Берлинге үлкен шабуыл жасалғанына ұстап тұрады.

Қабжат атамыз туралы неміс жазушылары Г. Похе мен Г. Олига «Түн көрпесі түрілгенде» кітабында, майдандас досы Н.Кольяда «Под командой капитана К Токбергенова.» очеркін жазады.

Соғыс аяқталған соң атам туған ауылына оралып, бейбіт еңбекке араласады. Қабжат Токбергенов бар болғаны 47 жасқа қараған шағында 1961жылы 28 желтоқсанда дүниеден озды.

Сұрапыл соғыс жылдарында да, бейбіт еңбекте де атамның бар өмірі ерлік пен Отанға деген сүйіспеншілікке толы болды. Мен нағашы атамның осындай батыр рухты қазақтың бірі болғанын әрдайым мақтан етемін.

Айгүл БАЙМАН,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің 11 сынып оқушысы.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің
2015 жылғы 25 ақпандағы №9 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің
2014 жылғы 23 қаңтардағы №1 «Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 1 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2563 болып тіркелген, «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» газеттерінде 2014 жылғы 27 ақпанда жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін.

Көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы Қ.С.Қайнетовке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі

«КЕЛІСІЛДІ»

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы
Е.МЕРҒАСЫМОВ.
2015 жылғы «__» _____

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 03 наурызда № 3130 тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің
2015 жылғы 25 ақпандағы № 9 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша
сайлау учаскелері

№ 1 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Айыртау ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Айыртау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)52998; сайлау учаскесінің шекарасы: Айыртау ауылы, «Шалқар-Су» шипажайы.

№ 2 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Орповка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Орловка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)51960; сайлау учаскесінің шекарасы: Орповка ауылы, Қопа ауылы.

№ 3 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Айыртау орталық аудандық ауруханасы» Шаруашылық жұмыс құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты, телефон 8715(33) 20035 (келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, Молодежная, Дружба, Совхозная, Центральная, Березовая, Хаиров көшелері, үйлердің нөмірлері 1, 2, 1а, 2а, 3, 4, Тенистая, Светлая, «Бәйтерек» шағын ауданы.

№ 4 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Воскресеновка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Воскресеновка орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)51122; сайлау учаскесінің шекарасы: Воскресеновка ауылы.

№ 5 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Красногорка ауылы, тұрғын үй № 3 пәтер № 8 телефон 8715(33)51540 (келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Красногорка ауылы, Айыртау психологиялық-неврологиялық интернаты, Галицино ауылы.

№ 6 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Айыртау ауылы, «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесінің Айыртау бөлімшесінің ғимараты, телефон 8715(33)52708 ; сайлау учаскесінің шекарасы: Айыртауское ауылы, Кругловка ауылы.

№ 7 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Елецкое ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Елецкий орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)29673; сайлау учаскесінің шекарасы: Елецкое ауылы, Колесниковка ауылы, Междудозерный ауылы Елецкий орта мектебінің ғимараты

№ 8 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Ақан – Сері көшесі № 31, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты, телефон 8715(33)20562; сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, Достық көшесі – үйлердің нөмірі: 1, 3, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 36, 38, 40, 42, 44, 50, Ш.Уәлиханов, Л.Чайкина, Конституция, Кенесары, Ақан – Сері, М.Янко көшелері үйлердің нөмірі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 30, 32, 34, 37, 38, 39, 41, 43, 44, 45, 47, 48, 49, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 113, 114, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 126, 127, 129, Орынбұл, Учительская, Лермонтов, Некрасов, Матросов, Құсайынов, Ементаев, Кенжетеев, Сыдықов, Жәпек батыр, Д. Бедный, Т. Боқанов, М.Горький, Хайыров, Асеев, Жамбыл Абайай хан көшелері.

№ 9 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, МКР, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «№ 2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)22848; сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, МКР үйлердің нөмірі 3, 4, 8, 9, 18, 19, 24, 43, 46, 47, 48, 52, 53, 55, 56, 75, 78, Полевая, Гоголь, Скнарев, Әуелбеков, Мұқанов, Губарыков, Степная, Пушкин, Королев көшелері.

№ 10 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернаты» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8(71533)27501(келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, Панфилов, Мир, Профессиональная, № 11 ПТШ, Юбилейная, Новая, Дмитриева, Чепрасова, Зелена, Литвинова, Чехова, Болыниная, Забелин, Өмішев, Макаренко, Ильян, Садовая, М. Янко көшелері, үйлердің нөмірлері 118, 120, 122, 124, 126, 131, 135, 137, 139, 141, 143, 144, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 163, 169, 171, 175, 177, 179, 181, 183, 185, 187, 189, 191, 193, 195, Энергетиктер, Лесная көшелері.

№ 11 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Железнодорожная көшесі, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім

бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Саумалкөл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)28238 сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы көшелер: Достық үйлердің нөмірі 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 66, 68, 72, Строительная, Интернациональная, Элеваторная, Набережная, СПТУ – 4, Железнодорожная, Горем – 22, Приозерная, ДСУ – 75 көшелері.

№ 12 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Новоукраинка селосы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Рудный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)29122; сайлау учаскесінің шекарасы: Новоукраинка селосы.

№ 13 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Новоукраинка ауылы, әскери бөлімнің ғимараты, телефон 8715(33)20353; сайлау учаскесінің шекарасы: әскери бөлім.

№ 14 сайлау учаскесі

